

6D110200 «Қоғамдық денсаулық сактау»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
**«Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру**  
**жолдарының ғылыми негізdemесі»** тақырыбында Мергентай Айгульдің PhD  
докторлық диссертация жұмысына  
ғылыми кеңесшінін  
**ПІКІРІ**

PhD докторант А.Мергентайдың диссертациялық жұмысы жалпы практика дәрігерлерінің (ЖПД) жұмыс жүктемесінің нормативтерін ғылыми негізделген жолмен жетілдіру мәселелеріне арналған.

Докторанттың ғылыми жұмысы жеткілікті көлемде зерттеу материалына негізделіп, докторантпен келесі зерттеулер жүргізіген:

- медициналық университеттер орналасқан республиканың 6 pilotтық аймағында жалпы практика дәрігерлердің пациенттерді қабылдау уақытына хрономераждық зерттеу жүргізілді: Астана (КеАҚ АМУ), Алматы (КеАҚ ҰМУ), Ақтөбе (КеАҚ БҚМУ), Семей (КеАҚ СМУ), Шымкент (КеАҚ ОҚМА), Қарағанды (КеАҚ ҚМУ) қалалары; 14 қалалық емханаларда зерттеулер жүргізілді; Зерттеуге 28 жалпы практика дәрігерлер қатысты;

- Жалпы практика дәрігерлерден олардың жұмыстарына жүргізіліп жатқан реформалар туралы пікірін білу үшін SurveyMonkey платформасында сауалнамалар әзірленіп, сауалнамаға 648 жалпы практика дәрігерлері қатысты.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша ЖПД жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді: КР ДСМ «Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережені бекіту» 2011 жылғы 5 қантардағы №7 бұйрығы; Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің және жалпы практика дәрігер жұмысын реттейтін «Жалпы дәрігерлік практика /отбасылық медицина» кәсіптік стандарт жобасы.

Диссертация жазушы «МСАК ұйымдарында Мультидисциплинарлық команда» моделін әзірлеп, ұсынылды, оның құрамына жалпы практика дәрігері, профилді (бейінді) мамандар, әлеуметтік қызметкер, психолог, салауатты өмір салтын қалыптастыру дәрігері, кеңейтілген және жалпы практика мейіргері кіреді. Командалық жұмыстың қағидасы мультидисциплинарлық жолмен және әлеуметтік қорғау органдарымен өзара тығыз жұмыс жасау болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланады; халықаралық конференциялар жинағында және рецензияланған журналда «Research Journal of Pharmacy and Technology», сонымен қатар шетелдегі халықаралық конференцияларда баяндамалар жасады (оның ішінде бір тезис European public health journal, IF 2.23, квартиль (Q2) Web of Sciences Corecollection).

Мергентай А. 2010 жылдан бастап Денсаулық сактауды дамыту респубикалық орталығында (ДСДРО) Білім және ғылымды дамыту орталығының медициналық білімді дамыту бөлімінің жетекші маманы ретінде жұмыс істейді.

Көрсетілген жұмыс кезеңінде Мергентай Айгуль өзін адаптацияның орындаушы, өте еңбеккор қызметкер ретінде көрсете білді. Корпоративтік этика ережелерін сақтай біледі.

ДСДРО қызметкерлерімен достық қарым-қатынасты қолдайды, әрдайым әріптеріне күрделі мәселелерді шешуде көмектесуге дайын тұрады. Жалпы, өте жақсы қарым-қатынастық қабілеті бар қызметкер. Өзінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отырады. Жұмыс уақытында тәртіптік жаза, кәсіптік, еңбек және этикалық сипаттағы бұзушылықтар болмаған.

Диссертациялық жұмыс өзінің өзектілігіне, ғылыми жаңалығына, практикалық маңыздылығына, орындалған зерттеулердің мазмұны мен көлеміне, сондай-ақ жарияланған ғылыми жұмыстардың толықтығына байланысты диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес және 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте ресми корғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:  
ҚР ДСМ «ДСДРО» ШЖҚ РМК  
Білім және ғылымды дамыту  
орталығының жетекшісі,  
медицина ғылымдарының докторы

Койков В.В.

«\_» 2020 ж.

**АУДАРМАНЫ РАСТАУ**

Орыс тілінен қазақ тіліне аударманы "Галилео" Жеке кәсіпкерлігінің сертификатталған аудармашысы: Сүлейменова Гүлнур Наурызбайқызы жасаған.  
5B020700 "Аударма ісі" мамандығы бойынша бакалавр дәрежесінің дипломы  
Колы



Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Иманова көш., 19, 413B офис  
Тел: 8(7172) 25 00 10, 8707 872 12 68  
email: [kazakhrusetsi.kz](mailto:kazakhrusetsi.kz)